

**6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау

Берілетін дәрежесі: «6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді игеру;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және қорыту;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- ON1 – бастауыш білім берудің метапәндік идеяларына негізделген білімі мен түсініктерін көрсетеді;
- ON2 – бастауыш білім беру мазмұнын құрайтын білім беру салалары бойынша білімін практикада қолданады;
- ON3 – ортақ тақырыптарды оқытуда бастауыш білім беру мазмұнын құрайтын салаларды интеграциялайды;
- ON4 – білім алушының тұлғалық дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтайды;
- ON5 – зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен және шығармашылықпен пайдаланады;
- ON6 – білім алушының дара ерекшелігіне сай сын тұрғысынан, позитивті ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді жаңа контексте пайдаланады;
- ON7 – АКТ-ны білім алушының жас ерекшелігіне сай пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;
- ON8 – білім алушылардың әдеби тілін, тілдік дағдыларын деңгейлеп қалыптастыруға қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасайды;
- ON9 - технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалайды;
- ON10 - білім алушы тұлғасының дамуындағы өзгерістерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалайды.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)																
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10							

**Жалпы білім беретін пәндер циклі
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) тандау компоненті**

1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар жөнінде білімді түсіндіру және интеграциялау қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау, контент жинақтау мен практикада қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5			+	+	+											
Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті																			
2	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде олардың анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Білім алушының дамуындағы өзгерістерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалау, технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру, білімін практикада қолдану мәселелері сипатталады.	5			+											+	+	
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, педагогикалық процестің түсініктері, оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығы, позитивті ойлауын дамыту әдістері, құралдары, білімді практикада қолдану, контент жинақтау және интеграциялау жолдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, инклюзивті білім беру жүйесі және тәрбие жұмысының әдістемесі сипатталады.	5			+	+	+		+							+		
4	Инклюзивті білім берудегі арнайы	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, ерекшеліктері, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері, практикада іске асыру жолдары қарастырылады.	5			+		+					+				+	+	+

	педагогикалық технологиялар	Технологияларды қолдану, контент жинақтау, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде педагогикалық - психологиялық қолдау көрсетудің, бағалаудың заманауи моделдері мен оны іске асыру жолдары, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігі қарастырылады.											
5	Бастауыш білім педагогикасы	Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу, оқыту заңдылықтарын метапәндік идеяны сақтау арқылы, білімдерді тәжірибелік іс-қызметте тиімді пайдаланудың жолдары мен әдістемелерін қарастырады. Білім алушының тұлғалық дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықымен пайдалану, сын тұрғысынан ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді пайдалану, технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру жолдары сипатталады.	8	+	+		+	+	+			+	
6	Білім берудегі менеджмент	Педагогикалық менеджмент жайлы білім, білік, дағдылармен қаруландырудың нарықтық жағдайдағы маңызын, мектепті басқаруды тәжірибесіне ендірудің жолдарын қарастырады. Бітірушінің позитивті ойлауын дамыту, дидактикалық, әдістемелік білгірлікті және білімді функционалдықымен және шығармашылықпен пайдалана білу, АКТ қолдану, инклюзивті білім беру, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау мәселелерін қарастырады.	6					+	+	+			+
7	Математика негіздері	Пән жиындар теориясын, математикалық логика элементтерін, сан ұғымының кеңеюін, сандарға қолданылатын амалдарды, амалдардың заңдарын, алгебра және геометрия элементтерін, шамаларды өлшеу әдіс-тәсілдерін және оларды практикада пайдалану мәселесі қарастырылады. Бастауыш білім берудің метапәндік идеяларына негізделген білімін қалыптастыру, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықымен пайдалану, сын тұрғысынан, позитивті ойлауын дамыту, АКТ- пайдалану мәселелерін қарастырады.	8	+	+			+	+	+			
8	Математикадан есеп шығару практикумы	Жай және құрама есеп түрлерін шығару, сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу, есепті шешуде тірек сұлбаны талдау, есептерді әртүрлі тәсілдермен, арифметикалық, алгебралық әдістермен шығару қарастырылады. Математикалық білімін практикада қолдануға,	6		+	+			+	+			

		пәндерді интеграциялауға, сын тұрғысынан, позитивті ойлауын дамытуға, АКТ-ны пайдалану арқылы оқу үрдісін ұйымдастыруға бағдарланған.											
9	Қазақ (Орыс) тілін оқыту әдістемесі	Пән бастауышта қазақ (орыс)тілін жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың әдістерін, мақсаттарын, мазмұнын, ұйымдастырылуын, құралдарын қарастырады. Бастауыш білім берудің метапәндік идеяларына негізделген білімін қалыптастыру, практикада қолдану, контент жинақтау, білім беру мазмұнын құрайтын салаларды интеграциялау, сын тұрғысынан ойлауын дамыту, АКТ-ны пайдалану, тілдік дағдыларын деңгейлеп қалыптастыру, инклюзивті білім беру мәселелерін қарастырады.	6	+	+	+	+		+	+		+	
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті													
10	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Бағалау және оның түрлерін, ортақ тақырыптарды оқытуда білім мазмұнын интеграциялауды, мәні мен мақсатын, жүзеге асыру жолдарын, критерийлерді құрастыруды оқытады. Білім алушының тұлғалық дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен пайдалану, сын тұрғысынан ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді пайдалану, АКТ-ны, технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру жолдары сипатталады.	5				+	+	+	+	+		+
11	Педагогика тарихы	Тәрбие, оқыту және білім беру тәжірибесінің дамуын, тарихи дәуірлердегі тәлімдік ой-пікірлерді, теорияларды ортақ тақырыптарды оқытуда метапәндік идея негізінде талдайды. Білім алушының тұлғалық дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен пайдалану, сын тұрғысынан ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді пайдалану, АКТ-ны, технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру жолдары сипатталады.				+	+	+	+	+		+	
12	Кіші мектеп жасындағы педагогикалық-психологиялық диагностика	Пән тұлғаның психикалық күйі туралы мамандандырылған түрде шешім қабылдау, психикалық қасиеттердің, мінез-құлық ерекшеліктерінің даму дәрежесін, сандық және сапалық көрініс беруін салыстыру, сипаттай білу жолдарын қарастырады. Білімін практикада қолдануға, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен	6		+			+				+	+

		пайдалануға, инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалауға оқытады.											
13	Кіші мектеп жасындағы балалардың логикалық ойлауын қалыптастыру	Пән кіші мектеп жасындағы балаларға білім бере отырып логикалық ойлау формалары мен заңдылықтарын, логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту жолдарын практикада қолдануды сипаттайды. Тұлғалық дамуын анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықыпен пайдалануды, сын тұрғысынан ойлауын дамытуды, инклюзивті білім беруде педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалауды сипаттайды.			+			+				+	+
14	Баланы мектепке дайындау әдістемесі	Пән балаларға оқуға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу, оқу әрекеттерінің алғы шарттарымен таныстыру, ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігін қалыптастыру жолдарын сипаттайды. Білімін практикада қолдану, білімді функционалдықыпен пайдалану, контент жинақтау, технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру, тұлғаның дамуындағы өзгерістерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалау мәселелері қарастырылады.	5		+		+	+				+	+
15	Балалардың мәдени тынығын ұйымдастыру	Пән оқушылардың оқудан тыс әрекеттерінің белсенді формасы ретінде мәдени іс-шаралардың мақсат-міндеттерін анықтау, дайындау, ұйымдастыру үшін контент жинақтау, өткізу әдістерін қарастырады. Білім алушының тұлғалық дамуына мәдени іс-шаралардың әсерін ұғыну, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалау, практикада қолдану, контент жинақтау арқылы іс-шараларды ұйымдастыру, инклюзивті білім беру жағдайларында туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау әдістерін қарастырады.			+		+	+				+	+

16	Нормативті қазақ (орыс) тілі	Пән оқытудың нәтижесінде дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыруды, практикада қолдануды қарастырады. Графика, орфография, орфоэпияны, фонетика, морфология, сөзжасамды, синтаксис, лексикологияның нормаларын меңгеру, пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдерін, ортақ тақырыптарды интеграциялау қарастырылады. Оқыту мақсаттарының біртұтастығын сақтап, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауын дамытатын әдістерді, тілдік дағдыларға деңгейлеп оқытуды қарастырады.	6		+	+			+		+		
17	Практикалық қазақ (орыс) тілі	Практикалық қазақ тілі пәнін меңгерудің нәтижесінде күнделікті практикада қолдануға қажетті іс-қағаздарын, мемлекеттік тілде сауатты жаза білу, пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдерін, ортақ тақырыптарды интеграциялау қарастырылады. Оқыту мақсаттарының біртұтастығын сақтап, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауын дамытатын әдістерді, цифрлық ресурстарды, тілдік дағдыларға деңгейлеп оқытуды қарастырады.			+	+			+		+		
18	Латынәліпбилі қазақ жазуы	Латын графикасын жаңа әліпби негізінде жазуды меңгерту, жазуда көзшалым, жазылым, қолдағдысын үйрету, практикада қолдану, латын графикасына көшу жағдайында пәнді оқытуда цифрлық ресурстармен АКТ-ны қолданып, деңгейлеп үйрету қарастырылады. Оқыту мақсаттарының біртұтастығын сақтап, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауын дамытатын әдістерді, инклюзивті білім беру тәжірибесінде проблемаларды шешудің креативтілігі сипатталады.	7		+				+	+	+	+	
19	Латын графикасын қолдануға жаттықтыру	Латын графикасын қолдануға жаттықтыруда жазылым, оқылым дағдылары және практикада қолдану жағдайлары қарастырылады. Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауын дамытатын әдістерді, цифрлық ресурстарды, АКТ-ны қолданып, тілдік дағдыларды деңгейлеп оқыту қарастырылады. Дағдының әрекеттері тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы, инклюзивті білім беру тәжірибесінде проблемаларды шешудің креативтілігі сипатталады.			+				+	+	+	+	

20	Әдебиеттік оқу	Пән халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың құндылықтарын корсететін контенттер жинақтауға, өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, шағын мәтіндер құрастыруға, мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге, сөйлеу нормасын сақтай отырып, оны талқылауға, оқытады. Оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығын сақтау, пәндік білімді, ортақ тақырыптарды интеграциялау, зерттеуде шығармашылық, әдеби тілге дайындау сипатталады.	6			+	+	+			+		
21	Әдебиеттік оқуды оқытудың теориясы мен әдістемесі	Пән метапәндік идея негізінде әдебиеттік оқытудың жаңартылған бағдарлама бойынша түрлі әдіс-тәсілдерін, ақын, жазушылардың идеялары мен көркем шығармаларын оқушыға меңгерту арқылы жас ұрпақтың өмірге көзқарасын қалыптастырудың түрлі технологияларын оқытады. Оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығын сақтап, практикада қолдану, ортақ тақырыптарды интеграциялау, АКТ-ны тиімді пайдалану, білімді шығармашылықпен пайдалану, әдеби тілге дайындау, инклюзивті білім беру мәселелері сипатталады.		+	+	+	+				+	+	+
22	Ағылшын тілінің негіздері	Сөйлеу әрекетінің сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу түрлерінде коммуникативтік біліктерді арттыруда оқытудың күтілетін нәтижелеріне бағыттау жолдары қарастырылады. Ситуациялық қарым-қатынастар мен ортақ тақырыпқа сәйкес жаңа тіл құралдарын (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық) деңгейлеп меңгеру, оқылатын тілдің тілдік құбылыстары, шет тілдерінде ой білдірудің әртүрлі тәсілдері, оқу және айтылу ережелері АКТ-ны қолдану арқылы сипатталады.	5			+					+	+	
23	Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың теориясы мен техникасы	Ағылшын тілі грамматикасын үйретудің заңдылықтары мен негізгі теориялық ұстанымдарды, білім мазмұнын, оқыту жүйесін түсіндіру, жазуға үйрету жолдарымен таныстыру, ағылшын тілін оқытудың кезеңдері мен техникалық қағидаттары және құралдары, практикада пайдалану жолдары қарастырылады. Оқытуда көрсетілген мақсаттарға жету жолдары, контент жинақтау, инклюзивті білім беру мәселелері, пәндерді интеграциялау, АКТ-ны қолдану, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау жолдары қарастырылады.	5		+	+	+				+	+	+
24	Бастауыш	Сөйлеудің негіздерін, түрлерін, сөйлеу этикетінің қағидаларын және	5		+	+					+	+	

	мектепте ағылшын тілін оқытудың лингвистикалық негізі	диалог жүргізуді, ағылшын тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйелердің даму эволюциясын, ағылшын тілінің құрылымын және сөздердің лексикалық мағынасын, сөз жасау, практикада пайдалану әдістерін сипаттайды. Білімді түсіну және салаларды интеграциялау, АКТ-ны қолдану, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау жолдары қарастырылады.											
25	Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқыту әдістемесі	Оқыту әдістемесінің теориясынан меапәндік идея негізінде жүйелі білім беру, сабақ жүргізу және сауат ашу, тіл дамыту, жазуға үйрету, грамматиканы оқыту әдістемесін, шығармашылықпен практикада қолдану жолдарын, оқулықтарды талдауды және сызбамен көрсетуді оқытады. Білімді түсіну және салаларды интеграциялау, контент жинақтау инклюзивті білім беру, АКТ-ны қолдану, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау жолдары қарастырылады.	5	+	+	+	+			+	+	+	
26	АКТ теориялық негіздері	Информатиканы оқыту мазмұны туралы түсініктерді, алгоритмдік дағдыларды және тапсырмаларды шешуде жүйелі тәсілдерді дамытып, қауіпсіз тәртіп және гигиена ережелері туралы ақпарат береді. Қарапайым компьютерлік дағдыларды қалыптастырады. Шығармашыл және позитивті ойлауын дамыту, цифрлық ресурстарын таңдап АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру, білімді түсіну және интеграциялауды қарастырады.	5			+			+	+		+	
27	Бастауышта ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру	Ақпараттық қоғамға бейімдеу, ерте жастан балалардың ақпараттық ойлау қабілетін дамыту, мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлемдік ақпараттық білім кеңістігіне даярлау мәселелері қарастырылады. Тұлғаның дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, пәндерді интеграциялау, шығармашыл және позитивті ойлауын дамыту, цифрлық ресурстарын таңдап АКТ-ны қолдану сипатталады.	5			+	+		+	+			
28	Бағдарламалау элементтерін қалыптастыру	Бағдарлама құру, жобалау және бағдарламалау технологиясы туралы түсінікті қалыптастыру және машықтандыру, оқушыларға қарапайым бағдарламалар жасауға қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Практикада қолдану, пәндерді интеграциялау, шығармашыл және позитивті ойлауын дамыту, цифрлық ресурстарын таңдап АКТ-ны қолдану сипатталады.	5		+	+			+	+			
29	Бастауыштағы	АКТ оқытудың әдістемелік негіздерін, ақпараттық-әдіснамалық	5	+	+	+	+	+	+	+	+		

	АКТ оқыту әдістемесі	тәсілдерді қолдануда практикалық дағдыларын, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдануын, пән саласында ғылыми зерттеулерді метапәндік идея негізінде жүргізе білуге оқытады. Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын сақтай отырып, тұлғаның дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, пәндерді интеграциялау, позитивті ойлауын дамыту, цифрлық ресурстарын таңдап АКТ-ны қолдану сипатталады.											
Профильді пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті													
30	Математикадағы оқыту әдістемесі	Математиканы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, ұйымдастыру формаларын негіздеу, практикада пайдалану, критериялы бағалау түрлерін қарастырады. Ортақ тақырыптарды интеграциялау, оқушының ерекшелігіне сай сын тұрғысынан шығармашыл, позитивті ойлауын дамыту әдістерін жаңа контексте ұсыну, контент жинақтау, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру мәселелерін сипаттайды.	5		+	+	+		+	+		+	
31	Қазіргі заманғы қазақ (орыс) тілінің негіздері	Пән тіл білімінің фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис салаларын қарастырады. Тіл дыбыстарының түрлерін, сөз таптарын, түрлену жүйесін, тыныс белгілерінің түрлерін, практикада қолдануын, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау жолдарын сипаттайды.	5		+							+	
32	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Пән кәсіби қарым-қатынас саласына қызмет ететін әдеби тілдің ерекше байланыс құралы, мамандардың өзара түсінісу құралы ретінде ауызша және жазбаша кәсіби салада сөйлеу тәртібі мен мәдениетінің деңгейін көтеруге қажетті стильдік әлеуметтік кәсіби білім қалыптастырып практикада қолдануды қарастырады. Пәндік білімді интеграциялау, АКТ-ны тиімді пайдалану, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау жолдарын сипаттайды.	5		+	+					+	+	

33	Сауат ашу және жазуға үйрету әдістемесі	Пән – оқу, жазуды метапәндік идея негізінде үйретеді. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін, ой-өрісінің жетілуін, сөйлемдерді дұрыс, дәл жеткізе білуін, дыбыстарды әріппен дұрыс таңбалап тілдік дағдыларды игеруін, сын тұрғысынан, шығармашыл, позитивті ойлауын дамытатын әдістерді қарастырады. АКТ-ны қолдану арқылы білім алушы тұлғасын қалыптастырып, тілдік дағдыларға деңгейлеп дайындау, инклюзивті білім беру мәселелерін сипаттайды.	5	+					+	+	+	+	
34	Жаратылыстану негіздері	Табиғат туралы білім жүйесін: танымдық қызығушылықты, табиғатты эстетикалық қабылдауы және табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы объективті ойларды қалыптастырады. «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерін оқыту үшін қажетті пәндер бөлімдері бойынша білімді түсінеді және интеграциялайды, оқушының дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтайды, зерттеу жұмыстарын жүргізеді, цифрлық ресурстарын таңдап АКТ-ны және технологияларды қолданады.	5			+	+	+		+		+	
35	Жаратылыстану ды оқыту әдістемесі	Пән бастауыш сыныптағы жаратылыстануды жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсаты мен міндеттері, ұстанымдары, әдістері және мазмұны бойынша ұғымдарды метапәндік тұрғыда қалыптастыруды қарастырады. Сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, контент жинақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен пайдалану, сыни ойлауды дамыту, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру мәселелері сипатталады.	7	+		+	+	+	+	+		+	
36	Дүниетануды оқыту әдістемесі	Пән Дүниетануды жаңартылған бағдарламамен оқытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдарын, әдістерін және мазмұнын сипаттайды. Ұғымдарды қалыптастыру, практикада пайдалану жолдарын метапәндік тұрғыда қарастырады. Мақсаттарға жететін сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықпен және шығармашылықпен пайдалану, сыни ойлауды дамыту, АКТ-ны, технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру жолдары сипатталады.	8	+	+	+	+	+		+		+	
37	Көркем еңбекті оқыту	Пән оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны	4	+			+		+	+		+	

	әдістемесі	эстетикалық түрде қабылдауларын метапәндік идея негізінде қалыптастыруға бағытталған. Оқу мақсаттарының жүйесін жүзеге асыру, өнердің негізгі түрлері мен жанрларын өнердің өмірмен байланысын, заттарды бейнелеудегі композиция заңдарын сипаттайды. Контент жинақтау, технологияларды қолдану, шығармашылық ойлауын дамыту, АКТ-ны пайдалану, инклюзивті білім беру жолдарын қарастырады.											
38	Музыканы оқыту әдістемесі	Жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту, музыкаға деген құндылықты қарым-қатынасты қалыптастыру, көркемдік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеу, музыкалық және шығармашылық дағдыларды метапәндік тұрғыда қалыптастыру жолдары сипатталады. Оқытуда пәндік салаларды интеграциялау, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтау, шығармашыл ойлауын дамыту әдістері, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру жағдайлары сипатталады.	4	+		+	+		+	+		+	